# 2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылға 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

175, 176, 177, 177-1, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196, 197-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
175-ҚОСЫМША

*Ескерту. 175-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.22.* N 470р *қаулысымен.*

**217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 25999350 мың теңге (жиырма бес миллиард тоғыз жүз тоқсан тоғыз миллион үш жүз елу мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 21, 373 , 368 , 397 , 531-баптары ; "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29

маусымдағы Заңының 13-бабы ; "Этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1457 Жарлығы ; " Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысы ; " Қазынашылықты жаңарту жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қазандағы N 1059 қаулысы; "Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының нысанды киімі мен айырым белгілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1247 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль тасымалдарына бірыңғай мемлекеттік бақылау жүйесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 қыркүйектегі N 1358 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Кинологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 230 қаулысы ; "Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағалар қолдану кезінде мемлекеттік бақылауға жататын тауарлардың жекелеген түрлеріне рыноктағы бағалары бойынша ресми ақпарат көздерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 маусымдағы N 788 қаулысы ; "Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу үшін алым ставкаларын, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 1586 қаулысы ; " Республикалық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 850 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1127 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1129 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1133 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1470 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік бюджетті атқару, кедендік

бақылау, бюджетке салықтарды түсіруді және басқа да міндетті түсімдерді түсіруді қамтамасыз ету саласындағы бақылау-қадағалау және фискалды функциялар, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аударудың толықтығы және уақтылығы, ішкі қаржылық бақылау мен мемлекеттік сатып алу, темекі бұйымдарын, этил спирті мен алкоголь өнімдерін, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Мемлекеттік бюджетті атқару, бюджеттік есепке алу, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау мен мемлекеттік сатып алу, темекі бұйымдарын, этил спирті мен алкоголь өнімдерін, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық ( банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдері, мемлекеттік меншікті басқару, бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есептілік және аудит саласында салааралық үйлестіру және әдістемелік басқару. Республикалық бюджеттің тиімді атқарылуын және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, республикалық бюджет түсімдері мен қаржыландыруының жиынтық жоспарын қалыптастыру, республикалық бюджетті атқару барысында республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу, бюджетті атқару жөніндегі есептілікті жасау, сондай-ақ мемлекеттік қаржы және меншік жөніндегі статистикалық есептілікті жасау, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыруды және пайдалануды қамтамасыз ету, бюджеттік есепті жүргізуді қамтамасыз ету, бюджеттік және бухгалтерлік есепке алу мен бюджеттік жүйедегі есептілікті дамыту мен жетілдіру. Мемлекеттік сатып алу процесін үйлестіру және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге бақылауды қамтамасыз ету, салықтардың, алымдардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және бюджетке түсетін түсімдердің толық түсуін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аударудың толықтығын және уақтылылығын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдердің бөлігін аудару, этил спирті мен алкоголь өнімдерінің, темекі бұйымдарының, мұнай өнімдерінің жекелеген турлерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу, салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындауына салықтық бақылау, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі атқару, есепке алуды және есептілікті жүргізу, олардың атқарылуын бағалау, гранттарды, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің билігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді)

сатудан түскен ақшаны пайдалану бөлігінде мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетіндігіне тексеру жүргізуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасында кеден ісін басқаруды жүзеге асыру, банкроттық рәсімдерді (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімін, сондай-ақ дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдерін өткізуге мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету, мемлекеттік меншікті және жекешелендіруді басқару жүйесін ұйымдастыру.

Мемлекеттік бюджетті атқару, бюджеттік есепке алу, кедендік, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау мен мемлекеттік сатып алу, темекі бұйымдарын, этил спирті мен алкоголь өнімдерін, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттық (банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), борышкерді таратудың соттан тыс рәсімі, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдері, мемлекеттік меншікті басқару, бухгалтерлік есепке алу, қаржылық есептілік және аудит саласында нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін, министрлік ведомстволары корпоративтік телекоммуникациялық желілерінің жедел байланыс арналары арқылы деректерді қауіпсіз және сенімді жіберуді қамтамасыз ету және оларға министрліктің аумақтық бөлімшелері мен ведомстволарын қосу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің орталық аппаратын ұстау - жыл бойы. Бекітілген тиістілік | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | нормативіне сәйкес автокөлік құралдарын ұстау, жалға алу және жүкті тасымалдау үшін көлік құралдарын жалға алу. Нормативтік-құқықтық актілерді және өндірістік қызметке қажетті қызметтік сипаттағы басқа әдебиетті басып шығару және сатып алу жөніндегі қызметтерді сатып алу. Ақпараттық қызметтерді сатып алу, трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау жүргізу үшін пайдаланылатын ақпарат көздеріне жазылу - жыл бойы. Жылдың үздік салық төлеушісі" акциясын өткізу жөніндегі іс-шара. Лицензиялар бланкілерін, қатаң есептілік бланкілерін басып шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу - жыл бойы. Салық төлеушілердің республикалық мониторингіне жататын, салық төлеушілердің өңірлік мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесіне кіргізілген ірі салық төлеушілерге, лицензиаттарға және этил спирті мен алкоголь өнімдерін шығаруды жүзеге асыратын субъектілерге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес келетіндігін анықтау үшін салықтық тексеруді жүргізу - жыл бойы. Үкіметтік делегациялардың кездесуін, мерейтой, спорт және өзге де іс-шараларды өткізу - жыл бойы.<br><br>Қаржы министрлігінің теңгеріміндегі негізгі құралдарға (активтерге) қызмет көрсету және ұстау - жыл бойы. Агенттердің жеке тұлғалардан және мемлекеттік органдардың өкілдерінен салық және Қазақстан Республикасының бюджетіне төлеуге басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қабылдаған қолма-қол ақшаны уақтылы және толық есепке алу - жыл бойы. Мыналар: | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын мемлекеттік тілге аудару - ақпан - желтоқсан;<br>халықаралық аудит стандарттарын ағылшын тілінен орыс тіліне аудару - ақпан-желтоқсан;<br><br>халықаралық аудит стандарттарын орыс тілінен мемлекеттік тілге аудару - наурыз-желтоқсан;<br>бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жөнінде кітапты басып шығару - наурыз-желтоқсан;<br>статистикалық деректердің баспа басылымдарын шығару бойынша полиграфиялық жұмыстар жүргізу - жыл бойы;<br>бұқаралық ақпарат құралдарына ақпараттық материалдарды орналастыру - жыл бойы;<br>Меммекемеге кассалық қызмет көрсету;<br>баспа-полиграфиялық және баспа-бланкілі өнімдерді дайындау және жеткізу - жыл бойы ;<br>мөрлер мен мөртаңбалар дайындау жөніндегі қызмет көрсетулерді сатып алу - жыл бойы;<br>Мемлекеттік сатып алу туралы хабарландырулары бар "Мемлекеттік сатып алу бюллетенін" басып шығару - жыл бойы.<br>Нысанды киімді және ажырату белгілерін сатып алу - жыл бойы.<br>Радиожеліні орналастыру үшін үй-жайды жалға алу - жыл бойы.<br>Сыртқы сауда кеден статистикасының деректерін басып шығаруды ұйымдастыру.<br>Жедел іздестіру іс-шараларын өткізу - жыл бойы.<br>Баланста тұрған ғимараттарды ағымдағы жөндеу бойынша қызметтерді сатып алу - жыл бойы. | | |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Штат санының бекітілген лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық бөлімшелерін және органдарын ұстау - жыл бойы. Бекітілген тиістілік нормативіне сәйкес автокөлік құралдарын ұстау, жалдау, ғимараттарды ағымдағы жөндеу. "Заңгер" анықтамалық ақпараттық жүйесінің көрсетілетін қызметтеріне ақы | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | төлеу - жыл бойы. Салық төлеушілердің республикалық мониторингіне жататын, салық төлеушілердің өңірлік мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесіне кіргізілген ірі салық төлеушілер-ге, басқа да салық төлеушілерге салықтық тексеру жүргізу - жыл бойы. Энергия ресурс-тары санауыштарының көрсеткіштерін есепке алу үшін ел аумағынан тысқары іссапарлар - жыл бойы. Өздігінен көшіретін қағазда кедендік қатаң есептілік бланкілерін шығару жөніндегі қызметтерді сатып алу - жыл бойы. Қызметтік үй-жайларды жалдау - жыл бойы. Су түбінде жүргізілетін жұмыс-тарға ақы төлеу - жыл бойы. Жедел іздестіру іс-шарала-рын өткізу - жыл бойы. Аумақтық органдарға ғимарат-тар сатып алу. | | Минис-трлігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметші-лердің біліктілі-гін арттыру | Бекітілген кестеге сәйкес Қаржы министрлігі жүйесі органдарының мемлекеттік қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша, соның ішінде мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқыту бойынша көрсетілетін қыз-меттерді сатып алу. Астана қаласы мен өңірлерде оқыту семинарларын, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинар-кеңестер, жеке бағыттар бойынша және кәсіби қосымша білім алудың басқа нысандары бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізу - жыл бойы. | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |
| 5 | | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимарат-тарын, үй-жайлары мен құры-лыстарын күрделі жөндеу | Қазақстан Республи-касы Қаржы министрлі-гінің, оның ішінде: Орталық аппаратының балансындағы; Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті аумақтық органдарының; Қазынашылық комитеті аумақтық органдарының; Салық комитеті аумақты органдарының; Қаржылық бақылау | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және мемлекеттік сатып алу комитетінің аумақтық органдарының; кедендік бақылау департаменттерінің және кедендердің, кеден бекеттерінің және кедендік инфра-құрылым объектілері-нің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу - жыл бойы. | | Минис-трлігі |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материал-дық-техни-калық жарақтан-дыру | Мыналарды: көшірме аппараттарды, факсималдық аппараттарды, сейфтерді, ауа баптағыштарды, жиhаздарды, оның ішінде: басшылар үшін, қызметкерлер үшін түптеу аппараттарын, шағын АТС-ті, жылыту<br><br>қазандарын, металл шкафтарын, дизель-генераторларын, жылу энергиясын есепке алу санауыштарын, көпфункционалды жабдықтарды, құны 40 АЕК артық басқа негізгі құралдарды, стеллаждарды, сканерлерді сатып алу - ақпан-қазан. Мыналарды: жүк авто-көлігін сканерлеу үшін қондырғыларды және карауға дейінгі ғимараттарды, рентген аппараттарын, кеден-дік бақылаудың порта-тивтік техникалық құралдарын, бекітетін пломбылайтын қондыр-ғыларды, "SABRE- 2000" үшін қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын, УКВ ретрансляторларын, портативтік радио-стансаларды, IP телефония функциялары бар шағын АТС, радиотелефондарды, дыбыс-бейне құжаттандыру және ақпаратты бақылау техникалық құралда-рын, тауарларды жеткізудің автоматтандырылған жүйесін, радиология-лық бақылау жабдығын, кедендік бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану жөнінде нормативтік-құқықтық актілерді, мерзімді басылымдарды, құрал- | ақпан-жел-тоқсан | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дарды және бейне-фильмдер сатып алу және құрастыру, негізгі жабдыққа, ұйымдастыру техника-сына, жиһазға, қосалқы жабдыққа, жұмыс уақытын бақылау және есепке алу жүйесіне, құны кемінде 40 есе айлық есеп айырысу көрсеткішінің тауарлы-материалдық құндылықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, жабдықтау және энергоресурстарды есепке алуды бақылаудың автоматтандырылған жүйесін құру жөнін-дегі жұмыстарды, зертханалық құралдар мен жабдықтарды сатып алу - жыл бойы. | | Минис-трлігі |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Кластер жүйесіне техникалық қызмет көрсету; кластер жүйесін әкімшілендіру жөніндегі қызметтер; толық қол жеткізе отырып Oracle Applications лицензияларын техникалық қолдау; кастомизацияны сүйемелдеу, Oracle Applications жаңа нұсқасына өтуді талдау, ҚБАЖ-дың банктік интерфейсін сүйемелдеу; шлюз терминалын сүйемелдеу. Мемлекеттік меншік тізілімін жүргізу жөніндегі көрсеті-летін қызметтер - жыл бойы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық жүйесі мен міндеттерін сүйемелдеу - жыл бойы. Есептеу техникасына техникалық және жүйелік қызмет көрсету - жыл бойы. Министрліктің орталық аппараты мен оның ведомство-лары серверлік бөлмелерінің өрт сөндіру жүйесіне техникалық қызмет көрсету - жыл бойы. Министрліктің орталық аппараты мен оның ведомство-лары серверлік бөлмелерінің ауа баптау жүйесіне техникалық қызмет көрсету - жыл бойы. Министрліктің корпоративтік есептеу желісін әкімшілен-діру жөніндегі қызметтер (құрылым-данған кәбіл желіле-рін, жылдам байланыс арналарын, ақпараттық | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жүйе серверлерін, министрліктің, оның ведомстволары мен аумақты бөлімшелерінің ақпаратттық ресурстарды қорғау жүйесін әкімшілендіру) - жыл бойы. Министрліктің, оның ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің есептеу) техникасының құралдары үшін жиынтықты, қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын сатып алу - маусым-тамыз. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық құралдарын техникалық қолдау - жыл бойы. Ақпараттық жүйелердің аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді алу - қыркүйек-қараша. Министрліктің корпоративтік телекоммуникациялық желісінің жылдам байланыс арналары арқылы деректерді беру көрсетілетін қызметтерді алу және оған министрлік ведомстволарының аумақтық бөлімшелерін қосу - жыл бойы. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қазақстандық банкаралық есеп айырысулар орталығы" РМК резерв орталығымен жедел байланыс арналарын ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер алу және олар арқылы деректерді беру - жыл бойы. Интернет және VPDN желілеріне қол жеткізу қызметтерін алу - жыл бойы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдарының Салық комитеті үшін деректерді беру қызметін ұсыну, жабдықты жоспарлы ауыстыру, жер үсті арналарына жер серігі байланыс арналарын ауыстыру, деректерді беру ведомстволық желісінің арналарын кеңейту - жыл бойы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Біріктірілген салықтық ақпарат жүйесі", "Салықтық есептіліктің | | | |

электронды нысандары", "Төлем көзінен салық салынатын жеке тұлғалардың кірістерін есепке алу", "ҚҚС төлеуші-лерін тіркеу. ҚҚС көшіріп алынған шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жүйесі", "Ірі кәсіпорындардың (салық төлеушілердің) электронды мониторингі", "Кепілдік берілген хабарламаны жеткізу жүйесі", "Салық органдарының ақпаратын қорғау жүйесі", "Қазақстан Республикасының салық төлеушілері мен салық салу объектілерінің тізілімі", "Акцизді өнімдер айналымын және өндірісін бақылау", "Салық төлеу қабілетсіздігі және банкроттық", "SAS технологиясы негізінде деректерді кешенді көп өлшемді талдау", "Салық заңнамасын түсіндіру және салық төлеуші-лерге қызмет көрсету жөніндегі мультимедия байланысының жүйесі", "Арақашықтықтағы оқыту орталығы", "Ведомстволық кадрлар" ақпараттық жүйелерін, салық органдарының бухгалтерлік жүйелерін сүйемелдеу - жыл бойы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдары Салық комитетінің RISC-серверлерін техникалық қолдау (кепілдік бергеннен кейінгі қызмет көрсету) - жыл бойы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары серверлік үй-жайларының өрт сөндіру, ауа баптау, кепілдік берілген электрмен қамтамасыз ету жүйелерін (кепілдік бергеннен кейін қызмет көрсету) техникалық қолдау - жыл бойы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен оның аумақтық органдары Салық комитетінің және оның аумақтық органдарының бағдарламалық-аппа-раттық құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету және ақпараттық жүйелерін әкімшілендіру - жыл бойы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне және оның аумақтық органдарына қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын сатып алу - маусым-тамыз. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етудің жүйелік-техникалық қолдау жөніндегі қызметтер - жыл бойы. Кедендік бақылау комитетінің және оның аумақтық органдарының Республикалық деректермен алмасу байланыс желісінің арналары бойынша деректерді беру жөніндегі қызметтерді алу, канал түзетін жабдықтарды ауыстыру және олардың қосымша қондырғылары, байланыс каналдарын кеңейту, жер серігі байланыс каналдарын жердегі байланыс каналдарына ауыстыру. Дүниежүзілік кедендік ұйымдардың Үйлестірілген жүйесі жөніндегі комитеттің деректер қорына қол жеткізуді қамтамасыз ету. Компьютерлік, коммуникациялық және желілік жабдықтарға техникалық және жүйелік қызмет көрсету. Республикалық желіге әкімшілік жүргізуді Кедендік бақылау комитетінің деректе-рімен алмасуды қамтамасыз ету (орталық аппараттың жергілікті есептеу желісін, деректер базасының және пошта қызметінің серверлерін, ақпарат-тық ресурстарды қорғау жүйесін әкімшілендіру, СУБД Informix-ті әкімшілендіру) - жыл бойы. Кедендік қызметтің ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу, Қазақстан Республикасының заңнамалық базасына сәйкес КААЖ қолдан-балы бағдарламалық қамтамасыз ету модульдерін пысықтау және жаңғырту.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Кедендік бақылау комитетінің веб-сайтын сүйемелдеу және дамыту - жыл бойы. Кедендік бақылау комитетінің есептеу техникасының құралдарын шығыс материалдарымен және қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету - жыл бойы. "Электрондық мемлекеттік сатып алулар" автоматтанды-рылған біріктірілген ақпараттық жүйесін, мемлекеттік сатып алулар веб-сайтын сүйемелдеу, мемлекет-тік сатып алулар субъектілері тізілі-мін енгізу - жыл бойы. | | |
| 8 | | 101 | Кинология орталығы | Кинологиялық орталықты штат санының лимитіне сәйкес ұстау. Кеден органдарының кинологтарын оқыту, ұстау - жыл бойы. Асыл тұқымды иттерді сатып алу және оларды құрғақ азықпен, ветеринарлық және медициналық препарат-тармен, жабдықтармен, жарылғыш және есірткі заттарын алмастырғыш-тармен қамтамасыз ету - қаңтар-сәуір. Компьютерлерді, өрт сорғышын, газон шапқыш-шағын тракторды, а у а баптағышты, бейне бақылаудың компьютер-лік жүйесін сатып алу - қаңтар-сәуір. | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |
| 9 | | 102 | Кедендік сараптама жүргізу | Зертханаларды аккре-диттеу бойынша жұмыстар жүргізу. Зертханаларды аккредиттеу бойынша консалтингтік қызметтер - жыл бойы. Қазақстан Республикасы Өлшеу құралдарын есепке алудың мемлекеттік | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |

тізіліміне аспаптар мен жабдықтарды енгізу - жыл бойы. Қазақстан Республикасы Өлшеу құралдарын есепке алудың мемлекеттік тізіліміне мемлекет-
тік стандарттық үлгілерді енгізу - жыл бойы. Өлшеу құралдарының аспаптары мен жабдықтарын тексеру - жыл бойы. Зертханалық жабдықты, шығыс материалдарын, зертханалық аспапқа қосалқы бөлшектерді сатып алу - қаңтар-сәуір. Ғылыми-техникалық әдебиеттерді сатып алу - жыл бойы. Ғылыми-техникалық мерзімді басылымға жазылу - қаңтар-сәуір. Мыналарды:
- көмекші жабдықты және аспаптарды, сынақ дайындығына арналған жабдық, химиялық ыдыс;
- органолептикалық талдау мен азық-түлік тауарлары үшін ыдыстар мен көмекші құрылғылар;
- еңбекті қорғау құралдары;
- зертханалық қосымша бөлшектер, химиялық реактивтер, стандарттық үлгілер;
- цифрлы бейнекамералар;
- цифрлы фотоаппарат сатып алу - жыл бойы.

Сумен жабдықтау, кәріз, электр жүйесін, желдеткіш-
сорғыш жүйесін ағымдағы жөндеу - сәуір-маусым. Прекурсорларды, химикаттарды, радиоактивті, есірткі заттарын, оқу сыныптарын сақтау мен пайдалануға арналған арнайы зертханалық жайларды ағымдағы жөндеу - жыл бойы. Зертхана кабинеттерін электрмен жабдықтау жүйесін жөндеу және ішінара ауыстыру, зертханалық аспаптар мен жабдықтардың электркүші тоғын жерге қосу - сәуір-маусым.

Зертхана жабдығын монтаждау, бөлшектеу - жыл бойы. Зертханалық жабдықтар мен аспаптардың бағдарламалық қамсыздандыруын сүйемелдеу - жыл бойы. Зертхана зерттеу-
лерінің бағдарламалық

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қамтамасыз етілуі мен әдістерін әзірлеу және жаңғырту - жыл бойы. Қазіргі заманғы сараптама әдістері бойынша брошюралар мен әдістемеліктер шығару жөнінде баспа-ханалық қызметтер - жыл бойы. Иондаушы сәулелену көздерін көму - жыл бойы. Оқу-әдістемелік зертханалық сыныптарды безендіру мен жарақтандыру - жыл бойы. Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарларды, мұнай өнімдерін, авто көлікті зерттеу әдістері бойынша Орталық кедендік зертханамен аумақтық кедендік органдардың кедендік сараптама мен ақпарат алмасу жөніндегі деректер банкін жасау және жаңарту - жыл бойы. Кітапханалық қорлардың ғылыми-техникалық ақпараттар, стандарттар мен МЕМСТтар беру жөніндегі қызмет-теріне ақы төлеу - жыл бойы. Сараптама жүргізу, сынамалар іріктеу, кедендік тексеру жөнінде оқу бейне фильмдерін дайындау - жыл бойы. Қазақстан Республикасының Мемстандарт органдарында және басқа да маманданды-рылған зерттеу мекемелерінде зерттеудің ерекше түрлерін өткізуге рұқсаттар мен лицензиялар, маман-дардың аттестаттарын алу үшін сарапшыларды оқыту және тағылым-дардан өткізу, біліктілігін арттыру - жыл бойы. Прекурсорлармен жұмыс істеуге арналған лицензиялар, сертификаттар алу - жыл бойы. ҒЗИ және басқа да зертханалардағы шарт | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | негізінде зерттеулерді орындау және ақпараттар алу - жыл бойы. Химикаттарды, мұнай өнімдерін, прекурсорларды, ион сәулесін шығаратын көздерді, улы зиянды және жарылыс қаупі бар реагенттерді тасымалдауға арналған арнайы машинаны сатып алу - жыл бойы. | | |
| 10 | | 103 | Оқу-әдісте-мелік орталық | Штат саны лимитіне сәйкес Оқу-әдістемелік орталықтарды ұстау - жыл бойы. Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды тұлғаларының біліктілігін арттыру - жыл бойы. | Жыл бой-ында | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:
23 110 адам бекітілген штат санына сәйкес Қаржы министрлігі жүйесі органдарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
Агенттер арқылы салық және Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін басқа да төлемдерді күн сайын жинау;
сатып алынған және дайындалған нормативтік-құқықтық актілердің саны орта есеппен 22 352 дана;
республикалық және аймақтық мониторингке жататын салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген ірі салық төлеушілердің лицензиаттар мен іссапар кестелеріне сәйкес өзге салық төлеушілерді тексеруді жүргізу;
орта есеппен бір жылда лицензиялар беру - 1500 дана;
Қаржы министрлігі жүйесі органдарының 72 ғимаратында күрделі жөндеу жүргізу;
ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету;
Түпкі нәтиже:
Қаржы министрлігі жүйесінің органдарын ұстауға бөлінген қаражатты 100 % игеру;
мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдерінің жалпы сомасындағы кедендік төлемдер мен салықтардың үлес салмағы 20,1%-ға дейін;
салық және Қазақстан Республикасының бюджетіне басқа міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің 5 млрд. теңге көлемінде қолма-қол ақша өткізу;
республикалық және аймақтық мониторингке жатқызылған салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген ірі салық төлеушілер салық міндеттемелерін сақтамаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексеру нәтижесі бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді жүзеге асыру;
орташа есеппен 3625 адам қызметкерлерді біліктілікті арттыру курстарында оқыту;
Министрліктің ақпараттық жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеу уақытының 98 %-ы;

Қаржы министрлігі жүйесі органдарының әкімшілік ғимараттарында күрделі жөндеу жүргізу жөніндегі жұмыстарды 100% орындау;
Internet әлемдік жүйесі арқылы клиенттермен және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ақпараттық жүйелердің өзара іс-әрекетін күн сайын қамтамасыз ету;
министрлік ведомстволарының корпоративтік телекоммуникациялық желілерінің жедел байланыс арналары бойынша берілетін деректер санының 100%-ы және/немесе ақпараттың жоғалуы мен деректер пакетінің бұрмалануы 0%;
министрлік ведомстволарының корпоративтік телекоммуникациялық желілерінің жедел байланыс арналары бойынша деректерді беру кезінде дабылдың іркіліс уақыты 0,1 секундтан аспайды;
Министрліктің корпоративтік телекоммуникациялық желілеріне қосылған Министрлік ведомстволары аумақтық бөлімшелерінің саны.
Қаржы-экономикалық нәтижесі:
Қаржы министрлігінің жүйесі органдарының 1 қызметкерін ұстауға жүргізілген шығындар көлемі орташа есеппен 787 мың теңгені құрайды;
салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімі кеден органдарының 1 қызметкеріне 58,4 млн. теңгеге дейін;
салық және Қазақстан Республикасының бюджетіне басқа міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің күн сайын өткізетін қолма-қол ақшасының көлемі 19 млн. теңгеден артықты құрайды;
ҚЕБ бір бірлігін басып шығарудың шартты құны 3 теңгені, лицензияның бір данасын дайындау 80 теңгені құрайды;
біліктілікті арттыру курстарының 1 тыңдаушысына жұмсалатын шығындардың шартты құны орташа есеппен 17 000 теңге;
ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу, есептеу техникасына аппараттық және жүйелік қызмет көрсету, ақпараттық жүйелерді пайдаланушылардың жалпы санына телекоммуникациялық қызметтермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі жүргізілген шығындардың көлемі.
Уақтылығы: міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарларына сәйкес белгіленген мерзімге сәйкес жоспарланған іс-шараларды орындау.
Сапасы: мемлекеттік бюджетті атқару, бюджеттік есепке алу, кеден, салықтық бақылау, ішкі қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу, темекі өнімдерінің, этил спирті мен алкоголь өнімінің, мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу, банкроттау (банктер мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда), соттан тыс борышкерді тарату рәсімі, мемлекеттік меншікті басқару, дәрменсіз борышкерлерге қатысты оңалту рәсімдері, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік пен аудит салаларында заң бұзушылықтарға жол бермеу;

Агенттер қабылдаған бюджеттің кірісіне аударылған салық және салыққа жатпайтын түсімдердің жалпы көлемінен қолма-қол ақшаның үлес салмағы 0,4%-ды құрайды; кедендік органдардың қызметкерлерін есепке алмағанда Қаржы министрлігі жүйесі органдары қызметкерлерінің жалпы санынан біліктілікті арттыру курсынан өткен қызметкерлерінің саны 15%-ды құрайды;
ҚР ҚМ Кедендік бақылау комитетінің негізгі бағыттары бойынша бастапқы даярлау және біліктілікті арттыру курстарында кедендік органдар қызметкерлерін 67,6%-ға дейін оқыту;
қатаң есептілік бланкілерінің, лицензиялардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
176-ҚОСЫМША

**217 - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12100 мың теңге (он екі миллион бір жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы Несие жөніндегі келісімді (Арнайы операциялар) (Су қорларын басқару және жерді қалпына келтіру жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы Қарыз туралы келісімді (Кәдімгі операциялар) (Су қорларын басқару және жерді қалпына келтіру жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің арасындағы (Жол көлігі саласын қайта құрылымдау жобасы) Қарыз туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 20 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы автомобиль жолдары саласын дамыту жобасы жөніндегі заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді ( Қарапайым операциялар) (Аймақтық маңызы бар Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту жобасы) (Қазақстандық құрауыш) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 31 қаңтардағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта

Құру және Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімді ("Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 20 наурыздағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді бекіту (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы" 2004 жылғы 26 мамырдағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Автожол саласын (Атырау-Ақтау) қайта құрылымдау" Қарыз туралы келісімді бекіту туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы) бекіту туралы" (Жай операциялар) Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 желтоқсандағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының имиджін және инвестициялық тартымдылық рейтингін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : инвестициялық жобалар аудитін уақтылы өткізу және тиісті халықаралық қаржы ұйымдарына аудиторлық тексеру есептерін беру .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Инвести-циялық жобалардың аудитін жүзеге асыру | Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражаты есебінен қаржыланды-рылатын сегіз инвестициялық жобалардың аудитін жүргізу :<br>1. Су қорларын басқару және жерді қалпына келтіру жобасы бойынша аудиті (Арнайы операциялар, Кәдімгі операциялар);<br>2. "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасы бойынша аудиті;<br>3. "Нұра өзенін тазарту" жобасы бойынша аудиті;<br>4. "Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз" жобасы бойынша аудиті (Жай операциялар); | 2006 жылдың бі-рінші жарты жыл-дығы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 5. "Жол көлігі саласын қайта құрылымдау" жобасы бойынша аудиті; 6. "Автомобиль жолдары саласын дамыту" жобасы бойынша аудиті; 7. "Алматы - Бішкек жолын қайта жаңарту" жобасы бойынша аудиті (Қарапайым операциялар); 8. "Автожол саласын (Атырау-Ақтау) қайта құрылымдау" жобасы бойынша аудиті. Берілген инвестициялық жобалар аудитін жүзеге асыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады. | | Минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Қазақстан Республикасының Парламенті бекіткен Қарыз туралы келісімінің міндетті шарттарының бірін орындау.
Тікелей нәтиже: 12100 мың теңге сомасына 8 инвестициялық жобалар аудитін жүргізу.
Түпкі нәтиже: қарыз қаражатын пайдалану айқындылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін 8 инвестициялық жобалар аудитін 100% жүргізу.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір инвестициялық жобаның аудитін жүргізуге арналған шығынның шартты құны 2006 жылы 1512,5 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: 2006 жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде 8 инвестициялық жобалар аудитін 100% жүргізу.
Сапасы: халықаралық қаржы институттарының тәуелсіз аудиторлық есептерге мұқтаждығын 100% қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына
177-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 105002 мың теңге (бір жүз бес миллион екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 1994 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі ; "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жоқ және әрекетсіз борышкерлерді тарату және банкроттау, оның ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабына сәйкес ұйымдарды тарату рәсімдерін жүргізу жолымен салық төлеушілердің тізілімін тазартуды қамтамасыз ету, салық кемалымын қысқарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоқ және әрекетсіз борышкерлердің санын, сондай-ақ салық кемалымын қысқарту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу | Жоқ және әрекетсіз борышкерлерді, оның ішінде мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі қабылданғанға қатысты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы бойынша ұйымдарды тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу. Банкроттық туралы іс бойынша хабарлан-дыруларды жариялау. Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізуге байланысты қызметтерді төлеу. "Қарағандышахткөмір" ЖҮАҚ конкурс өндірісін жүргізуге байланысты әкімшілік шығыстарды төлеу. Таратуға жататын борышкерлердің күтілетін саны -1608. | бір жыл ішінде ай сайын | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы Минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 1608 жоқ және әрекетсіз борышкерлерді тарату жолымен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті азайту.
Түпкі нәтиже: дәрменсіз борышкерлердің (жоқ және әрекетсіз) салық берешегін күтілетін азайту 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгені, оның ішінде негізгі борыш бойынша (кемалым) 4 600 000 000 (төрт миллиард алты жүз миллион) теңгені құрайды.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: бір ұйымды таратуға жұмсалатын шығындар орта есеппен 65 300 (алпыс бес мың үш жүз) теңгені құрайды.
Уақтылығы: заңнамада белгіленген тәртіппен жоқ және әрекет етпейтін борышкерлерді

уақтылы тарату.
Сапасы: салық кемалымын қысқарту, Қазақстан Республикасының салық салынатын базасын тазарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
177-1-қосымша

*Ескерту. Қаулы 177-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**217 - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның администраторы

2006 жылға арналған
004 "Облыстық бюджеттерге республикалық бюджет алдындағы борышты өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген республикалық бюджет бағдарламасының
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 600000 мың теңге (алты жүз миллион) теңге.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі:** "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі шаралар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қыркүйектегі N 908 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1035 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджет қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Атырау және Павлодар облысы жергілікті бюджеті шығындарының орнын толтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттің алдындағы борышын өтеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| №N | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарлама) аты | Бағдарламаны (кіші бағдарлама) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Облыстық бюджеттерге республикалық бюджет алдындағыборышты өтеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің | 2006 жылғы шілде | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2005 жылғы 15 қазандағы N 1035 қаулысын қабылдаумен байланысты Үкіметтің арнайы резервінен кассалық алшалықты жабуға арналған кредиттерді алудан туындаған республикалық бюджеттің алдындағы борышты өтеу үшін Атырау және Павлодар облыстарының облыстық бюджеттеріне 400,0 млн. теңге және 200,0 млн. теңге сомасында жергілікті бюджет шығыстарының орнын толтыру үшін республикалық бюджеттен ақша қаражатының бөлінуі. | | Қаржы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Атырау және Павлодар облыстарының облыстық бюджеттеріне қаражаттың 100% аударылуы.

Ақырғы нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет алдындағы борышының төмендеуі.

Уақытылығы: республикалық бюджет алдындағы борыштың уақытылы жабылуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
178-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 357831 мың теңге (үш жүз елу жеті миллион сегіз жүз отыз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық Қайта құру және Даму

Банкіне, Халықаралық қаржы Корпорациясына, Халықаралық даму Қауымдастығына, Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты агенттігіне, Инвестициялық Дауларды Реттеу жөніндегі Халықаралық Орталыққа, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне, Азия Даму Банкіне, Ислам Даму Банкіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңы 2-бабының 1, 2- тармақтары; "1974 жылғы 12 тамызда Джиддада қол қойылған Ислам даму банкінің Құрылтай шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 мамырдағы N 2-I Заңы ; "Кейбір халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 маусымдағы N 589 Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі акцияларын сатып алу жолымен акционер мәртебесін алуға байланысты ірі және беделді халықаралық қаржы ұйымдарының кредит ресурстарына, оның ішінде экономика мен қаржы саласындағы реформаларды қолдауға, техникалық көмек пен гранттарды алуға жеңілдікті шарттарда қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету . Қазақстан Республикасының Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі акцияларын сатып алу жолымен акционер мәртебесін алуға байланысты ірі және беделді халықаралық қаржы ұйымдарының кредит ресурстарына, оның ішінде экономика мен қаржы саласындағы реформаларды қолдауға, техникалық көмек пен гранттарды алуға жеңілдікті шарттарда қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы үшін халықаралық қаржы ұйымдары көздеген төлемдер кестесіне сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарына мүшелік жарналарды тұрақты төлеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Халықа-ралық қаржы ұйым-дарының акция- | Мынадай халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу: 1. ХҚДБ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған 30.06.97 ж. N 5/5025 қарапайым вексельдер қаражатының бөліктерін ХҚДБ акционерлік | 2006 жылғы II тоқсан | Қазақ-стан Респуб-ликасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ларын сатып алу | капиталына негізгі және қосымша жазылу есебіне инкассация-лау; 2. ЕҚДБ - қаражат бөліктерін, оның ішінде ЕҚДБ акционер-лік капиталына қосымша жазылу есебіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған 13.04.2002 ж. N 15-9-2-8/4414 жай векселінің бесінші бөлігін, 7.05.2003 ж. N ДМО-1-2/4082 жай векселінің төртінші бөлігін, 1.04.2004 ж. N ХҚҚД-1-2/3135 қарапайым векселінің үшінші бөлігін, 6.04.2005 ж. N МҚжХҚД-2-2-5/2987 жай векселінің екінші бөлігін инкассация-лау; 3. ИДБ - екінші мүшелік жарнаны ИДБ акционерлік капиталына негізгі жазылу шотына төлеу; 4. АДБ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған 17.05.96 ж. N 27-3-10/3719 және 17.05.1996 ж. N 27-3-10/3720 қазынашылық векселі қаражатының бір бөлігін АДБ акционер-лік капиталына негіз-гі жазылу шотына инкассациялау. | 2006 жылғы II тоқсан<br><br>2006 жылғы III тоқсан<br><br>2006 жылғы IV тоқсан | Қаржы Минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жалпы сомасы 53698 мың теңгеге Банк төлемдерінің кестесіне сәйкес құны 10000 Ислам динары Ислам Даму Банкінің 30 акцияларын сатып алу, сондай-ақ жалпы сомасы 304133 мың теңге мөлшерінде Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі, Еуропа Қайта құру және Даму Банкі, Азия Даму Банкінің акционерлік капиталына жазылу есебіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған жай векселдерді инкассациялау.

Түпкі нәтиже: халықаралық ұйымдарға төлеуді 100% қамтамасыз ету.

Уақтылығы: төлем кестелеріне сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарына мүшелік жарналарды уақтылы төлеу.
Сапасы: халықаралық қаржы ұйымдарына мүшелік жарналарын төлеу бойынша осы ұйымдардың кінә қоюларын 100% болдырмау.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
179-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және дамыту" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 867551 мың теңге (сегіз жүз алпыс жеті миллион бес жүз елу бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : жоқ.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы Үкіметін және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қаржыны, міндеттемелерді және активтерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету, ол барлық деңгейде мемлекеттік бюджеттің атқарылуына пәрменді бақылау мен уақтылы және негізделген қаржы-экономикалық шешімді қабылдауды қамтиды; Қазақстан Республикасы Үкіметінің және басқа мүдделі тараптардың мемлекеттік органдардың жұмысына талдау мен бағалау жүргізу үшін мемлекеттік бюджетті атқаруға және бақылауға қатысты жедел, нақты ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : барлық қаржы операцияларын уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету (жоспарларды жүргізу, рұқсаттар беру, міндеттемелерді тіркеу, төлемдерді жүргізу); қазынашылықтың ақпараттық жүйесінің қауіпсіздігін күшейту; мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарларын және жиынтық қаржыландыру

жоспарын жасау, бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесін автоматтандыру;

мерзімді және жылдық есептілікті жинауды қамтамасыз ету, мемлекеттік бюджеттің атқарылу барысы туралы жедел деректерді беру, мемлекеттік бюджеттің күтілетін атқарылуын болжамдау, есептілікті қалыптастыру және мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау; Қаржылық бақылау комитетінің барлық ұйымдастыру деңгейлерінде тиімді және кезекті басшылық ету; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі органдарының қаржы-шаруашылық қызметін есепке алу процесін автоматтандыру; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі органдарының қызметкерлерін нақты, уақтылы ақпаратқа тұрақты қатынауын қамтамасыз ету және күрделі сұрау салуларды өңдеу уақытын азайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдарла-малардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | ҚазақстанРеспубли-касы Қаржы министр-лігі ор-ганда-рының ақпарат-тық жүй-елерін құру және дамыту | | | |
| 2 | | 100 | Қазынашы-лықтың ақпарат-тық жүйесін құру | Oracle Applications лицензияларын сатып алу (ақпан-наурыз). Өндірістік серверлер-ді жаңғырту үшін жинақтаушы тауарларды сатып алу (ақпан-наурыз). Есептеу техникасын сатып алу (ақпан-наурыз). Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесінің қауіпсіздігін кешенді қамтамасыз етудің бағдарламалық қамсыздандыруын сатып алу (маусым). | Бір жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы минис |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қазынашылық желісін пайдаланушыларды ұқсастыру және түпнұсқаландыру жүйесі үшін есептеу техникасын, лицензия-лар, сертификаттарды сақтаудың сыртқы құрылғылардың (негізгі ақпарат) және оларға қосымша бөлшектерді сатып алу, оны енгізу және пайдаланушыларды оқыту (маусым). Нормативтік-құқықтық актілердің өзгергенін есепке ала отырып, жүйені пысықтау (шілде). | | - трлігі |
| 3 | | 102 | Қазақстан Республи-касы Қаржы министр-лігінің ақпарат-тық жүйелерін құру және дамыту | Қаржы министрлігі органдарының ақпарат-тық жүйелерін құру, дамыту және енгізу (қаңтар-желтоқсан). Мамандарды ақпараттық технологияларға оқыту (тамыз-қараша). Есептеу техникасын (наурыз-маусым), белсенді желілік жабдықтарды (сәуір-шілде), құрылымдалған кабель желісін ұйымдастыру жөніндегі жабдықтар мен қызметтерді (тамыз-қараша), ілеспе тауарлар мен қызметтерді сатып алу. | Бір жыл ішінде | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесі", "Қаржыландыру жоспарларын қалыптастыру және нақтылау", "Бюджеттік жоспарлау мониторингі", "Қаржылық бақылау", "Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін басқару" ақпараттық жүйелерін дамыту.

Түпкі нәтиже: қазынашылық ақпараттық жүйесінің 100% тұрақты және үздіксіз жұмыс істеуі; сондай-ақ санкцияланбаған қатынаудан қорғау;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаржы ресурстарын, мемлекеттің міндеттемелері мен төлемдерін 100% тиімді және уақтылы басқару;

республика бюджетінің кез келген деңгейін атқару бойынша операцияның 100% айқындылығы;

мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) қаржыландыру жоспарларын және жиынтық қаржыландыру жоспарын жасау, бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу мерзімін қысқарту;
мерзімді және жылдық есептілікті жинауды қамтамасыз ету, мемлекеттік бюджеттің атқарылу барысы туралы жедел деректерді беру, мемлекеттік бюджеттің күтілетін атқарылуын болжамдау, есептілікті қалыптастыру және мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау мерзімін қысқарту;
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің бақылау қызметін тиімді жоспарлау және жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша мәліметтерді жинау және жинақтау мерзімін қысқарту;
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі органдарының қаржы-шаруашылық қызметін тиімді жедел басқару;
күрделі сұрау салуларды өңдеу уақытын азайту үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдары қызметкерлерінің нақты, уақтылы ақпаратқа қол жетімділігі.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің органдарында бюджеттік процестерді және мемлекеттік бюджетке қазынашылық қызмет көрсету және мемлекеттік мекемелердің шоттарын автоматтандыруды ескере отырып еңбек шығындарын төмендету.
Уақтылылығы: міндеттемелер мен төлемдер жөніндегі қаржыландыру жоспарларына сәйкес белгіленген мерзімге сай жоспарланған іс-шараларды орындау.
Сапасы: төлемдерді жүргізу және есептерді беру айқындылығы, уақтылығы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
180-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 180-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
181-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне жалақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 39036632 мың теңге (отыз тоғыз миллиард отыз алты миллион алты жүз отыз екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы органдарының мемлекеттік бюджет есебінен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджет) есебінен ұсталатын қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес және қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысын жеке сектордың жалақысына біртіндеп жақындату.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 2005 жылғы 1 шілдеден бастап орташа есеппен 32%-ға ұлғайғандығын ескере отырып жалақыны қаржыландыруға 39036632 мың теңге сомасында жергілікті бюджеттер кірістерінің жетіспеушілігін толықтыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру женіндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне мемле-кеттік қызмет-шілерге, мемле-кеттік мекеме-лердің мемле-кеттік қызмет-ші болып табыл-майтын қызмет-керле-ріне және қазына-лық кәсіп-орындар қызмет-керлері-не жа-лақы төлеуге беріле-тін ағымдағы нысаналы транс - ферттер | Республикалық бюджет-тен Ақмола облысының бюджетіне - 2184252 мың теңге, Ақтөбе облысының бюджетіне - 1936002 мың теңге, Алматы облысының бюджетіне - 2897026 мың теңге, Атырау облысының бюджетіне - 1834337 мың теңге, Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне - 3273279 мың теңге, Жамбыл облысының бюджетіне - 2752117 мың теңге, Батыс Қазақстан облысының бюджетіне - 1901808 мың теңге, Қарағанды облысының бюджетіне - 3412648 мың теңге, Қостанай облысының бюджетіне - 2407284 мың теңге, Қызылорда облысының бюджетіне - 1901141 мың теңге, Маңғыстау облысының бюджетіне - 1489745 мың теңге, Павлодар облысының бюджетіне - 2066967 мың теңге, Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 2215166 мың теңге, Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 5679314 мың теңге, Алматы қаласы бюджетіне - 1851630 мың теңге, Астана қаласы бюджетіне - 1233916 мың теңге мақсатты трансферттер аудару. | Ай сайын | Қазақ-стан Респуб-лика-сының Қаржы минист-рлігі, жергі-лікті атқа-рушы орган-дар |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 2005 жылғы 1 шілдеден бастап орташа есеппен 32%-ға ұлғайғандығын ескере отырып жалақыны қаржыландыруға 39036632 мың теңге сомасында жергілікті бюджеттер кірістерінің жетіспеушілігін толықтыру.
Түпкілікті нәтиже: мемлекеттік қызметшілерге, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың

қызметкерлеріне жалақының 2005 жылғы 1 шілдеден бастап орташа есеппен 32%-ға артқанын ескере отырып, оны төлеу.
Уақтылығы: бюджеттік сала қызметкерлерінің 32%-ға артқан жалақысын уақтылы алуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
182-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 18837035 мың теңге (он сегіз миллиард сегіз жүз отыз жеті миллион отыз бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін кідіріссіз қаржыландыруды талап ететін республикалық және жергілікті бюджеттерде жоспарланбаған шығындарды; Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою, өзге де күтілмеген шығындарды; сондай-ақ сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауды қаржыландыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге ресми ізгілік көмек көрсету, Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп

төндіретін жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге, өзге күтілмеген шығындарға бағытталған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ сот шешімдері бойынша Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың, аумақтық бөлімшелердің, жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері бойынша сот шешімдерін орындауға бағытталған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-дау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Қазақ-стан Респуб-ликасы Үкіме-тінің резерві | | | |
| 2 | | 100 | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның және басқа мемле-кеттер-дің аумағын-дағы табиғи және техно-гендік сипат-тағы төтенше жағдай-ларды жоюға арналған Қазақ-стан Респуб-ликасы Үкіме-тінің төтенше резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Респуб-ликалық бюджет-тік бағдар-лама-лардың әкім-шілері, облыс-тардың, Астана және Алматы қалала-рының жергі-лікті атқару-шы орган-дары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | | 101 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуді қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 4 | | 102 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді атқаруға арналған резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлуді қамтамасыз ету | Шілде-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалған және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге ресми ізгілік көмек көрсетуге, Қазақстан Республикасының немесе оның әкімшілік-аумақтық бірлігіне саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жоюға, өзге күтілмеген шығындарға, сот шешімдері бойынша Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың, аумақтық бөлімшелердің және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелері бойынша сот шешімдерін орындауға бағытталған шығыстарды қаржыландыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
183-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3669779 мың теңге (үш миллиард алты жүз алпыс тоғыз миллион жеті жүз жетпіс тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексінің 213-бабы ; "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қарыз алушы қарыз туралы шартқа ( келісімге) сәйкес оған тиесілі төлемдерді төлемеген жағдайда Қазақстан Республикасының кредит берушілер алдындағы мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелерін орындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздар жөніндегі дефолт фактісіне жол бермеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Егер қарыз алушы кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды төлем мерзімі басталған күні толық немесе ішінара және 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде өтемеген жағдайда қарыз берушілер алдындағы мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік қарыздарды өтеу және қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді толық және уақтылы орындау .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Мемлекеттік кепілдіктер | Заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі борыштың, сыйақылардың, | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойынша міндет-темелерді орындау | мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша өзге төлемдердің сомасын төлеу | | Қаржы минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: кепілдікпен қамтамасыз етілген қарызды қарыз алушы төлем мерзімі басталған күнге толық немесе ішінара өтемеген жағдайда толық көлемде мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді орындау.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелерін 100% орындау.
Уақтылығы:
1) қарыз шарттарында белгіленген мерзімде негізгі борышты, сыйақыларды, кредит берушілерден ақы төлеуге шоттардың негізінде мемлекет кепілдік берген қарыздар бойынша өзге төлемдерді уақтылы төлеу;
2) бюджеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі ішінде мемлекет кепілдік берген қарыздар жөніндегі мерзімі өткен төлемдердің болмауы.
Сапасы: қарыз берушілердің мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және қызмет көрсету жөніндегі мүдделерін 100% қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
184-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджеттер бойынша қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерві" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. Бағдарламаның атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**1. Құны** : 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1405 қаулысы ; " Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : кассалық алшақтық пайда болған жағдайда төмен тұрған бюджеттердің шығыс бөлігінің орындалуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредит беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджеттер бойынша қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерві | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі болған кезде кассалық алшақтықты жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредиттер беру. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жергілікті атқарушы органға жасалған кредиттік келісімдерге сәйкес кассалық алшақтықты жабуға 600000 мың теңге сомасында кредит қаражаттарын беру. Түпкі нәтиже: жергілікті бюджеттің кассалық алшақтығын 100% жабуы. Уақтылығы: кассалық алшақтықты жабуға жергілікті бюджеттерге бюджеттік кредитті бөлудің уақтылылығы.

Сапасы: жергілікті атқарушы органдардың өтінімдеріне сәйкес кредит қаражаттарын толық көлемде бөлу, жергілікті атқарушы органдардың бюджеттің кассалық алшақтығын толық жабу үшін кредит қаражаттарымен тұтынушылығын 100% қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына
185-ҚОСЫМША
**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Үкіметтік борышты қамтамасыз ету"
деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 28236951 мың теңге (жиырма сегіз миллиард екі жүз отыз алты миллион тоғыз жүз елу бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет Кодексінің 201-бабы ; "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының үкіметтік борышына қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерін орындау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары бойынша дефолт фактісіне жол бермеу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қарыз берушілер алдындағы үкіметтік қарыздар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру және
қарыз шарттарының ережелеріне сәйкес үкіметтік қарыздарды тартқаны үшін комиссиялық сыйақыларды төлеу, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша шығыстарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді толық және уақтылы орындау.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Үкімет-тік борышты қамта- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | масыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Қарыз-дар бойынша сыйақы-ларды (мүдде-лерді) төлеу | Үкіметтік қарыздар бойынша және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша сыйақыларды (мүдделерді) төлеу | бір жыл ішін-де | Қазақ-стан Респуб-лика-сының Қаржы минис-трлігі |
| 3 | | 101 | Қарыз-дарды орна-ластыр-ғаны үшін комис-сиялық төлем | Үкіметтік қарыздарды тартудың комиссиондық сыйақыларын төлеу | бір жыл ішін-де | Қазақ-стан Респуб-лика-сының Қаржы минис-трлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 28234351 мың теңге мөлшерінде үкіметтік қарыздар бойынша және үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелер бойынша сыйақыларды және 2600 мың теңге мөлшерінде үкіметтік қарыздарды тартқаны үшін комиссиялық сыйақыларды толық көлемде төлеу.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы Үкіметінің үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерін 100% орындау.
Уақтылығы:
1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тікелей міндеттемелері болып табылатын үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді қарыз шарттарында және мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру шарттарында, үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерде белгіленген мерзімде орындау;
2) бюджеттік бағдарламаны іске асыру мерзімі ішінде үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі мерзімі өткен төлемдерінің болмауы.
Сапасы: қарыз берушілердің үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі мүдделерін 100% қанағаттандыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
186-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 68290 мың теңге (алпыс сегіз миллион екі жүз тоқсан мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауды мемлекеттік білімдік несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1018 қаулысы ; "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бұрын берілген бюджеттік кредиттерді қайтару тиімділігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бюджеттік кредит беруге байланысты тапсырмаларды орындағаны үшін сенімді тұлғаларға (агенттерге) сыйақы төлеу жолымен олардың бюджеттерге қызмет көрсетуін және қайтаруын қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметтеріне ақы төлеу | Тапсырманы орындағаны үшін сенім білдірілген өкілге (агентке) сыйақы төлеу | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: сенімді тұлғаға (агентке) мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді қайтару және қызмет көрсету жөнінде жүргізген жұмысты жүргізгені үшін

68290 мың теңге сомаға сыйақылар төлеу.
Түпкі нәтиже: қарыз алушылардың алған мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді өтеу жөніндегі міндеттемелерді 100 % орындауы.
Уақтылығы: сенімді тұлғалар (агенттер) алдындағы міндеттемелердің орындалу уақтылығы.
Сапасы: мемлекеттік білім беру және мемлекеттік студенттік кредиттерді 100% қайтару және қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
187-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байланысты дауларды реттеу, кредиттер және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебінен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 585000 мың теңге (бес жүз сексен бес миллион теңге).
*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңының 2 және 17-баптары ; Қазақстан Республикасының "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Заңының 7 және 13-баптары ; "Мемлекеттік меншік объектілерінің, сондай-ақ меншігінде мемлекеттің үлесі бар объектілердің жұмыс істеуіне және оларды басқарудың тиімділігіне кешенді мониторинг жүйесін енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі N 998 қаулысы ; "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 қаулысы ; " Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі N 810 қаулысы ; "

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 қаңтардағы N 50 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 117 қаулысы , "Мемлекеттік активтерді басқарудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 620 қаулысы.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *, 2006.11.26. N* 470м *қаулыларымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикалық меншікті тиімді басқаруды және жекешелендіруді қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жекешелендірудің барлық түрлерін пайдалана отырып, оның ішінде брокерлерді тарту жолымен ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында объектілерді сатуды дайындау және жүзеге асыру; жекешелендіруден кейінгі бақылауды қамтамасыз ету; мемлекеттің меншік үлесі бар кәсіпорындарда республикалық меншік активтерін басқару тиімділігінің мониторингі; экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингін ұйымдастыру және жүргізу; мониторингті есепке алудың бірыңғай ақпараттық дерекқорын сүйемелдеу және жүргізу; кредиттер мен мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебіне алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу және сақтау; заң консультанттарын тарта отырып сотқа дейін және сот тәртібімен республикалық меншікті жекешелендіруге, басқаруға және жекешелендіруден кейінгі қызметке байланысты дауларды шешу; мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жаңғырту.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Жеке-шелен-діру, мемле-кеттік мүлікті басқа-ру, же-кеше- | Мыналарды өткізуге арналған қызметтерді сатып алу: - 50 акционерлік қоғамдар мен 900 өзге де объектіле-рінің құнын бағалауды (аяқталмаған құрылысты, көлікті, жылжымайтын мүлікті және басқалар); | жыл ішін-де, ай сайын | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы минист-рлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ленді-руден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байла-нысты дауларды рет-теу, кредит-тер және мемле-кеттік кепіл-діктер бойынша міндет-теме-лерді орындау есебі-нен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау | - 70 жекешелендірілген объектілер бойынша шарт міндеттемелерінің орындалуын тексеру;<br>- 70 республикалық меншік объектілері бойынша активтерді басқару тиімділігінің мониторингі;<br>- экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы 7 акцио-нерлік қоғамның 40 құрылымдық бөлімшелерін-де меншіктің мемлекеттік мониторингі;<br>- қор биржасында 10 акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін сату;<br>- мониторинг дерекқорын сүйемелдеу және дамыту жөніндегі жұмыстар;<br>- кредиттер мен мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу және сақтау жөніндегі жұмыстар.<br>Мыналардың:<br>- жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі қаржы кеңесшісінің;<br>- акциялардың мемлекеттік пакеттерімен мәмілелерді тіркеу жөніндегі бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметтерін сатып алу.<br>Қазақстан Республикасының аумағын-да және халықаралық төрелік органдарда заң консультанттарын тарта отырып, республикалық меншікті жекешелендіру-ге, басқару мен жекешелендіруден кейінгі қызметке байланысты дауларды реттеу.<br>Республикалық меншік объектілері бойынша сауда-саттық туралы ақпараттық хабарлама-ларды жариялау.<br>Жылжымайтын мүлік объектілері жер учаскелерін бағалау.<br>Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ-ның және "Қазына" орнықты даму қоры" АҚ-ның орналастырылатын | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | акцияларына төлеуге берілетін мемлекеттік активтерді , сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар мен бәсекелі ортаға берілетін объектілерді бағалауды жүргізуге арналған қызметтерді сатып алу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *, 2006.11.26. N* 470м *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 950 республикалық меншік объектілерін жекешелендіруден 4 800 000 мың теңге мөлшерінде қаражаттың, 7 047 063 мың теңге мөлшерінде республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің, 936 000 мың теңге мөлшерінде республикалық мемлекеттік кәсіпорындар кірісінің таза бөлігінің республикалық бюджетке түсуі, 70 республикалық меншік кәсіпорындарында активтерді басқару тиімділігін талдау, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында 7 акционерлік қоғамның 40 құрылымдық бөлімшесінде мемлекеттік мониторинг, 70 жекешелендіру объектілері бойынша шарт міндеттемелерінің орындалуын тексеру, 400 жылжымайтын мүлік объектілері бойынша жер учаскелерін бағалауды жүргізу.
Түпкі нәтиже: 64 республикалық меншік объектілерінде басқару тиімділігін арттыру жөніндегі, оның ішінде 27 акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін одан әрі иелік ету (жекешелендіру, жекешелендіруге жатпайтын объектілер тізбесіне енгізу, тарату және банкроттау, салалық министрліктердің иелігіне беру) жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, 70 жекешелендірілген объектілердің қаржы-шаруашылық қызметін және сенімді басқарудағы 6 республикалық меншік объектілері қызметінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
сатып алынатын қызметтердің бір сағатына орта есеппен жұмсалатын шығындар:
- жекешелендіру объектілерінің құнын бағалауға - 3,7 мың теңге;
- шарт міндеттемелерінің орындалуын тексеруге - 3,9 мың теңге;
- активтерді басқару тиімділігінің мониторингі - 6,9 мың теңге;
- мониторинг дерекқорын сүйемелдеу мен дамытуға - 7,3 мың теңге;
- отандық заң консультанттары - 9 мың теңге және шетелдік заң консультанттары - 60 мың теңге;
Орта есеппен шығыстар:
- акцияларды ұстаушылар тізілімінде бір акционерлік қоғамның бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға - 21,5 мың теңге;
- бір жер учаскесінің құнын бағалауға - 12 мың теңге;
- ақпараттық хабарлама ауданының бір шаршы сантиметрін жариялаудың орташа құны - 0,25 мың теңге.
Уақтылылығы: жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде толық көлемде жүргізу.
Сапасы: республикалық меншік құрылымын оңтайландыру, зерттелген объектілердің

қаржы-шаруашылық қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды талдау және өңдеу, шығынды кәсіпорындардың санын азайту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
188-ҚОСЫМША

*Ескерту. 188-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.22.* N 470р *қаулысымен.*

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
""Министрліктер үйі" ғимаратын күтіп-ұстау және сақтандыру" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 287226 мың теңге (екі жүз сексен жеті миллион екі жүз жиырма алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1119 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Министрліктер үйі" ғимаратына (бұдан әрі - ғимарат) шаруашылық қызмет көрсету; Ғимараттың технологиялық жабдықтарының іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығындарды өтеу, Ғимаратты жабдықтау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Ғимараттың техникалық жабдықтарын қолдау және техникалық қызмет көрсету, Ғимаратта телекоммуникациялық қамтамасыз ету, қорғау, шаруашылық қызмет көрсету, конференц-залдарын, мәжіліс залын жабдықтау, Ғимаратта табиғи зілзала, өрт, жарылыс және басқа да тәуекел жағдайларына сақтандыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 017 | | "Министрліктер үйі" ғимаратын күтіп-ұстау және сақтандыру | Электр, техникалық жабдықтарды, инженерлік желілер мен коммуникацияларды, эфир-кабель теледидарын, желдеткіштің сору-шығару жүйесін, өрт қауіпсіздігін, өрт дабылы мен түтінді жоюды, сыртқы және ішкі желілері бар автоматты телефон станциясын қолдау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сыртқы инженерлік желілерге қызмет көрсету, суық-жылумен жабдықтау, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесінің, лифтілер жұмысының, бейне қадағалау мен қол жеткізілімді бақылау, дизель-генератор жүйесін алдын алу жұмыстарын жүргізу, желдеткіш жабдығын жөндеу. Ғимаратты күзету және жарақтандыру. Ғимараттың ішкі үй-жайлары мен қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза қалпында ұстау, ғимаратты санитарлық тазарту, аумақтан қоқыс пен қарды шығару және ғимараттың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да жұмыстар. Ғимаратты ағымдағы жөндеу. Ғимаратқа электр-энергиясын, жылу энергиясын жеткізу және коммуналдық қызметтер көрсету. Жалпы алаңы 24595,8 шм. Ғимаратқа шаруашылық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Ғимаратқа меншік құқығын және уәкілетті органда оған жапсарлас жер учаскесін тіркеу. Ғимаратты сақтандыруға шарт жасасу, сақтандыру шарттарына сәйкес жасалған шарт бойынша сақтандыру жарналарын төлеу. Сатып алу, бейне қадағалау жүйесін | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | монтаждау, қол жеткізі-лімін және күзет дабылын бақылау. Басқа да тауарлар мен ілеспе қызметтерді сатып алу. Жылу сорғыларын сатып алу, жеткізу және орнату. | 2 - жарты жыл-дығы | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жұмыс істейтін лифтілердің, желдеткіш және электротехникалық, санитарлық-техникалық жабдықтың, инженерлік желілер мен коммуникациялардың, эфир-кабельдік теледидардың, желдеткіштің шығару-сорғы жүйесінің, өрт қауіпсіздігінің, өрт дабылының және түтін шығарудың, кіруді бейне қадағалау мен бақылау жүйелерінің, сыртқы және ішкі желілері бар автоматты телефон станциясының үлес салмағы олардың жалпы санының 100%-ын құрайды.
Түпкі нәтиже: Ғимараттың бүкіл технологиялық жабдықтарының, оның ішінде кростық үй-жайлардың іркіліссіз және апатсыз жұмыс істеуі. Ғимаратты сенімді сақтандыру жағынан қорғау, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемдерін уақтылы төлеу.
Қаржы-экономикалық нәтижесі: Ғимараттың 1 шаршы метрін ұстауға жұмсалатын шығындардың шартты құны 11677,9 теңгені құрайды.
Уақтылылығы: белгіленген мерзімдерді ескере отырып іс-шараларды орындау.
Сапасы: мемлекеттік қызметшілерге қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
189-ҚОСЫМША

**<u>217-Қазақстан Республикасы</u> Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 49224 мың теңге (қырық тоғыз миллион екі жүз жиырма төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Тұрғын үйқұрылысбанкі" ЖАҚ берген жеңілдікті тұрғын үй несиелерін алған азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 ақпандағы N 304 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Жеңілдікті тұрғын үй кредиттерін алған азаматтар үшін теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшудің әлеуметтік салдарларын жеңілдету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Жеңіл-дікті тұрғын үй кре-диттері бойынша бағам-дық айыр-маны төлеу | 2005 жыл үшін "Тұрғын үйқұрылысбанкі" ЖАҚ берген жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу. | жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы министр-лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "ЦентрКредитБанкі" АҚ жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырмасын төлеу.

Түпкі нәтиже: жасалған кредит келісімдерінің ережелеріне сәйкес кредиттер бойынша берешекті өтеу бөлігінде орындалған міндеттемелер жөніндегі бағамдық айырманы 100% өтеу.

Уақтылығы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Центр Кредит Банкі" АҚ алдындағы міндеттемелерінің орындалу уақтылығы.

Сапасы: азаматтарды мемлекеттік қолдауды, жеңілдікті тұрғын үй кредиттерін 100% қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
190-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу" деген 024 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 149806 мың теңге (бір жүз қырық тоғыз миллион сегіз жүз алты мың теңге ).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы ; "Тұрғын үй құрылысы ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық несие беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 тамыздағы N 1290 қаулысы ; "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 364 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Тұрғын үй құрылысы жинақ банкілерінің қосымша салымдарын тарту жолымен Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін дамытуды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы бойынша мемлекеттік сыйлықақылар беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 024 | | Тұрғын үй құ-рылыс жинақ салым-дары | "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін" АҚ салымшыларына мемлекеттің сыйлықақысын төлеу. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бойынша сыйлық-ақылар төлеу | | | Қаржы минис-трлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша мемлекеттік сыйлықақыларды төлеу. Түпкі нәтиже: тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы банктерінің салымшылары санын көбейту.

Уақтылығы: заңнамаға сәйкес мемлекеттің сыйлықақысын төлеуге "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ корреспонденттік шотына қаражатты уақтылы аудару.

Сапасы: тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша мемлекеттің сыйлықақысын төлеу толықтығы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
191-ҚОСЫМША

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.06.19. N* 558 *қаулысымен.*

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу" деген 026 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2222920 мың теңге (екі миллиард екі жүз жиырма екі миллион тоғыз жүз жиырма мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1019 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кеден қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықаралық стандарттарға және талаптарға сәйкес мемлекеттік шекарада тауарлар мен көлік-құралдарына бірлескен бақылауды, мемлекеттік шекараны қорғау мен сақтауды, Қазақстанның егемендігіне және аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа тыйым салуды, орын ауыстыратын

объектілердің ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, өсімдіктердің карантині жөнінде бақылауды, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын сақтауды жүзеге асыру, ұлттық, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін қолайлы жағдай жасау, қарудың, есірткі заттарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың контрабандасын анықтау тұрғысынан нақты тексерудің сапасын жақсарту, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік әлеуетті арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 026 | | Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу | "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес сомалардың шегінде инвестициялық жобаларды мыналар бойынша іс-шараларға арналған белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес іске асыру:<br>1. Ақтөбе облысындағы "Жайсан" халықаралық кедендік темір жол терминалының құрылысын аяқтау (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 20.12.2002 жылға N 2-600/2002 қорытындысы, Құрылыс істері жөніндегі комитеттің 22.01.2003 жылғы N 24 ПИР бұйрығы).<br>2. Оңтүстік Қазақстан облысындағы "Сары-Ағаш" халықаралық кедендік темір жол терминалының құрылысын салуды | қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жалғастыру (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 07.02.2003 жылғы N 7-52/2003 қорытындысы, құрылыс істері жөніндегі комитеттің 14.03.2003 жылғы N 88 ПИР бұйрығы).<br>3. Мынадай:<br>- Атырау облысының "Котяевка";<br>- Жамбыл облысының "Нововоскресеновка";<br>- Жамбыл облысының "Айша Бибі" бірыңғай бақылау-өткізу пунктерінің құрылысы (үлгілік жобасына мемлекеттік сараптаманың 21.04.2004 жылғы N 7-07-КБ/2004 қорытындысы).<br>4. Ақтөбе облысында 10 итке арналған питомниктің құрылысын салу (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 28.11.2004 жылғы N 6-506/03 қорытындысы).<br>5. Қостанай облысында 10 итке арналған питомниктің құрылысын салу (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 28.11.2004 жылғы N 6-506/03 қорытындысы).<br>6. Солтүстік Қазақстан облысында 10 итке арналған питомниктің құрылысын салу (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 28.11.2004 жылғы N 6-506/03 Қорытындысы).<br>7. Қостанай облысының "Желқуар" к/п электрожабдықтау желілерінің құрылысын салу (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 15.03.2005 жылғы N 14-49/05 қорытындысы).<br>8. Қостанай облысының "Жетіқара" к/п электрожабдықтау желілерінің құрылысын салу.<br>9. Оңтүстік Қазақстан облысының "Капланбек" кеден БӨП құрылысын салу (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 01.07.2005 жылғы N 18-328/2005 қорытындысы).<br>10. Алматы облысында "Достық" халықаралық темір жол кедендік терминалын салуды аяқтау (жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың 08.02.2005 жылғы N 7-48/05 қорытындысы).<br>11. Қостанай облысының "Ақсу" халықаралық кедендік темір жол терминалының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу және құрылысын салу. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 12. Шығыс Қазақстан облысының "Ауыл" халықаралық кедендік темір жол терминалының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу, мемлекеттік ведомство-дан тыс сараптама жүргізу және құрылысын салу. 13. Атырау облысының "Оңтүстік Қарабатан" бірыңғай бақылау-өткізу пунктінің құрылысы жөніндегі құжаттаманы әзірлеу, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу. 14. Маңғыстау облысының "Баутино" бірыңғай бақылау-өткізу пунктін құрылысы жөніндегі құжаттаманы әзірлеу, мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу. 15. Алматы облысы "Дос-тық" кеденінің қызмет-керлеріне арналған тұр-ғын үйді салуды аяқтау (жұмыс жобасына мем-лекеттік сараптаманың 04.11.2004 жылғы N 20-354/2004 қорытынды-сы); 16. Алматы облысы "Дос-тық" кеденінің тұрғын үйлеріне қазандық салу-ды аяқтау (жұмыс жобасы-на мемлекеттік сарап-таманың 14.11.2005 жыл-ғы N 20-364/2005 қоры-тындысы) | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында 13 объектіні аяқтау; Атырау, Шығыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау облыстарында 4 объекті бойынша мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама; Атырау облысы "Котяевка" бірыңғай бақылау-өткізу пунктін салу жөнінде орындалған жұмыстардың көлемі.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін нығайту үшін кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін пайдалануға енгізу.

Уақтылылығы: кестеге сәйкес жұмыстар мен жасалған шарттарды жүргізу.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
192-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Еуразия даму банкіне қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуы мен дамуына, олардың экономикалық өсуіне және сауда-экономикалық байланыстарының кеңеюіне жәрдемдесу" деген 027 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. Бағдарламаның атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**1. Құны** : 12700000 мың теңге (он екі миллиард жеті жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Еуразия даму банкін құру туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 ақпандағы N 103 қаулысы.

*Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : халықаралық қаржылық-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының Еуразия даму банкінің жарғылық капиталын қалыптастыруға қатысуы.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Еуразия даму банкіне қатысушы мемлекеттердің нарықтық экономикасының қалыптасуы мен дамуына, олардың эконо- | Еуразия даму банкінің жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының үлесіне ақы төлеу. | 2006 жылдың екінші жарты жылдығы | Қазақстан Республикасы Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | микалық өсуіне және сауда-экономикалық байла-ныста-рының кеңеюі-не жәр-демдесу | | | министр -лігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер**

Еуразия даму банкінің акционері бола отырып Қазақстан Республикасы банктің қатысушы-мемлекеттерінің рыноктық экономикасының қалыптасуына және дамуына, инвестициялық қызметті жүзеге асыру жолымен экономикалық өсуге және өзара сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді.

Тікелей нәтиже: Еуразия даму банкінің жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасы үлесінің 40% акциясын 2006 жылға жалпы сомасы 25 400 000 мың теңгеге төлеу.

Түпкі нәтиже: мемлекетаралық инвестициялық банктің жарғылық қорына 100% төлеуді қамтамасыз ету.

Уақтылылығы: банкті құру туралы келісімде көрсетілген қаржыландыру мерзімдері мен шарттарын сақтау.

Сапасы: инвестицияларды жүзеге асыра отырып Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 706 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
193-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды институционалдық қамтамасыз ету" деген 053 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 14420000 мың теңге (он төрт миллиард төрт жүз жиырма миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан

Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығы , "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 364 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : бюджеттік кредиттердің есебінен салынған тұрғын үйді сатып алуға және Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін дамытуға арналған ипотекалық кредиттерді ресімдеу кезінде Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген өлшемдерді (бастапқы жарна 10%-дан кем емес, сыйақы ставкасы 10-дан аспайды, кредит беру мерзімі 20 жылға дейін) қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде берілетін ипотекалық кредиттер бойынша тұрғын үй құнынан пайыздық ставканың 10% дейін төмендеуі, кредит беру мерзімінің 20 жылға дейін өсуі, бастапқы жарна мөлшерінің 10% дейін төмендеуі; тұрғындардың тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қол жеткізуінің артуы және мемлекеттің сыйақылары мөлшерлерінің өсуі есебінен оның тартымдылығының артуы.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 027 | | Тұрғын үй құ-рылы-сының мемле-кеттік бағдар-ламасын іске асыруды инсти-туцио-налдық қамта-масыз ету | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | 100 | "Қазақстанның тұрғын құрылыс жинақ банкі" АҚ-ның жинақ жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын толықтыру. | 2006 жылғы бірінші жарты жылдық | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |
| 3 | | 101 | "Қазақстан ипотекалық компания" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын толықтыру. | 2006 жылғы бірінші жарты жылдық | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |
| 4 | | 102 | "Ипотекалық кредиттерге кепілдік берудің қазақстандық қоры" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Қазақстан ипотекалық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын толықтыру | 2006 жылғы бірінші жарты жылдық | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "Қазақстан ипотекалық компаниясы" АҚ және "Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" АҚ жарғылық капиталын толықтыру. Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ипотекалық кредит беру мен тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қол жеткізілімдікті қамтамасыз ету. Уақтылылығы: жарғылық капиталды уақтылы капиталдандыру. Сапасы: "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "Қазақстан ипотекалық компаниясы" АҚ және "Қазақстан ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры" АҚ Қазақстан Республикасында Мемлекеттік тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында пруденциялық нормативтерді орындау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
194-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Республикалық бюджеттен Ұлттық қорға берілетін трансферттер" деген 066 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. Бағдарламаның атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**1. Құны** : 10617223 мың теңге (он миллиард алты жүз он жеті миллион екі жүз жиырма үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысының 7-бөлімінің 28-тарауының 244-тармағы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттің қаржы активтерін жинақтауды арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық бюджеттен ресми трансферттерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 100% уақтылы аударуды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 066 | | Респуб-ликалық бюджет-тен Ұлттық қорға беріле-тін транс-ферттер | | | |
| 2 | | 100 | Жоспар-лы тү- | Ұлттық қорға республика-лық бюджеттен ресми трансферттер бөлінуі. | жыл-дың ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сімдер есебі-нен транс-ферттер | | | ның Қаржы минис-трлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 10 617 223 мың теңге (100 %) сомасында республикалық бюджеттен ресми трансферттердің есебінен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақтаушы функциясын орындау.

Түпкі нәтиже: шекті тәуекел деңгейінде ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры активтерінің кірістілігін қамтамасыз ету.

Уақытылығы: төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес қаражатты уақтылы аудару.

Сапасы: республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын толықтыруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
195-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес" деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 49606 мың теңге (қырық тоғыз миллион алты жүз алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 карашадағы N 1678 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын одан әрі қалыптастыру және нығайту; есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу жөнінде ведомствоаралық халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : есірткі құралдарының, психотроптық

заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы әрекет тетігін дамыту, кинологиялық қызметті материалдық-техникалық нығайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орын-даушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 104 | Наша-қорлық-қа және есірткі бизне-сіне қарсы күрес | Есірткінің заңсыз айналымымен күресті тиімді ұйымдастыру үшін қажет техника мен жабдықтарды сатып алу жолымен нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске тартылған кедендік бақылау органдарына материалдық-техникалық нығайту. | жыл-ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін нығайту, кедендік бақылау сапасын жақсарту.
Тікелей нәтиже: есірткі және жарылыс заттары контрабандасының жолын кесу, кеден органдарының кинологиялық қызметін дамыту.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасына есірткі құралдарының әкелуінің алдын алу, елде есірткі ахуалын тұрақтандыру; нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы әрекет ету саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, есірткі құралдарының контрабандасы фактілерін анықтау, нашақорлықтың алдын алу үшін мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекет жасауды күшейту.
Мыналарды сатып алу: талшық-оптикалық эндоскоптар 10 дана, дүрбілер 50 дана, түнде көру аспаптары 30 дана, аспаптар жиынтығы 50 дана, есірткі заттарының экспресс-тесті 60 дана, жарылғыш заттарының экспресс-тесті, автокөлікті еріксіз тоқтату құрылғысы 30 дана, жарық түсіргіші бар қол таяғы 30 дана, ультракүлгін қол шамы 30 дана, ықшам металл детектор 70 дана, қарау қуыс бұрғысы 70 дана, қарау қол шамы 70 дана, қарау айнасы 90 дана, УҚТ ықшам радиостанциясы 165 дана, цифрлы бейнекамералар 6 дана, цифрлы фотоаппараттар 6 дана, қызметтік-іздеу иттерін тасымалдауға арналған автомашиналар 6 дана.
Қаржы-экономикалық нәтиже: есірткі құралдарын айқындаудың 1 фактісіне арналған шығындардың орташа құны - 260,0 мың теңге.
Уақтылығы: іс-шаралар жоспарының мерзіміне сәйкес қойылған мәселелерді іске асыру.
Сапасы: есірткі құралдарының кіруіне жол бермеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 196-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған ""Электрондық үкімет" құру" деген 112 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1960349 мың теңге (бір миллиард тоғыз жүз алпыс миллион үш жүз қырық тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 579 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы ; "Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005 жылғы 18 ақпандағы Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарын орындаудың желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 210 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Азаматтар мен ұйымдардың кедендік қызметтерге жылдам және сапалы қатынауын қамтамасыз ету, қазіргі заманғы техникалық шешімдердің негізінде қолдағы барын жетілдіру, жаңа перспективалық ақпараттық кедендік технологияларды енгізу есебінен Қазақстан Республикасы кедендік қызметінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру. Қазақстан Республикасы кедендік органдарының бақылау, есепке алу және статистикалық қызметін автоматтандыру.

Салық әкімшілігін жүргізуді қамтамасыз ету және жетілдіру, салықтарды барынша жинауды қамтамасыз ету, салық міндеттемелерін орындаудан жалтаруға байланысты шығындардың мөлшерін азайту, салық әкімшілігін жүргізу тетіктерінің тиімділігін,

ақпараттық ашықтығын және айқындылығын арттыру. Салық әкімшілігін жүргізудің әділ жүйесін құру және салық төлеушілер үшін салықтар төлеу бойынша барынша ыңғайлы жағдайлар жасау. Салық органдарының Қазақстан Республикасының "электрондық үкімет" қалыптастыруға және қызметіне қатысу шеңберінде салық төлеушілерге, басқа мемлекеттік органдарға ақпараттық және технологиялық қызметтер ұсыну.
Мемлекет мұқтажы үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу процесіне қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар енгізу жолымен мемлекеттік сатып алу тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : кедендік қызмет және кеден инфрақұрылымы жанында бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру; сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін Web-сервис ұсыну; тауарларды электрондық декларациялау; халықаралық стандарттарға жақындау және кеден рәсімдерін жеңілдету ; кеден органдарында кеден төлемдері мен салықтың бюджетке түсуін қамтамасыз ету; сыртқы сауда операциялары бойынша деректерді орталықтандырылған жинау.
Салық әкімшілігін жүргізу жүйелерінің функционалдылығын кеңейту және енгізу: салық төлеушілерге қызмет көрсету нысандары мен әдістерін жетілдіру, салық төлеушілерге ұсынылатын электрондық қызметтер аясын кеңейту; салық төлеушілерді, салық салынатын базаны және салық есептілігін есепке алу жүйелерін орталықтандыру ; салық төлеушілер мен салық инспекторлары үшін қашықтықтан және ақпараттық сервис әдістерінің көмегімен салық әкімшілігін жүргізу процестерін жетілдіру және дамыту. Салық органдарының базалық ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымын қайта жарақтандыру. Ақпараттық қызметтерді біріктіру, мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-әрекетті жетілдіру және арттыру.
Ақпараттық жүйенің шағын жүйелерін дамыту жолымен электрондық мемлекеттік сатып алудың ақпараттық жүйесінің функционалдылығын кеңейту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 112 | | "Электрондық үкімет" құру | | | |
| 2 | | 100 | "Электрондық кеден" ақпараттық | "Электрондық кеден" ақпараттық жүйесінің құрауыштарын әзірлеу және енгізу (1 -4-тоқсандар). Есептеу техникасын және | жыл-ішін-де | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүйесін құру | телекоммуникациялық жабдықтар, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету, ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету құралдарын қосымша құрылымдалған кабель жүйелерін ұйымдастыру жөніндегі жабдықтар және қызметтер сатып алу (2-тоқсан). | | Қаржы министр-лігі |
| 3 | | 101 | Кеден-дік авто-маттан-дырыл-ған ақпа-раттық жүйе-сін дамыту "КААЖ" | "Сыртқы сауданың кедендік статистикасының деректеріне қол жеткізу статистикасы, талдау, ұйымдастыру" біріктіріл-ген жүйесінің құрауыштарын әзірлеу және енгізу, пайдалану-шыларды оқыту (1-4-тоқсандар). Бағдарламалық модульдер-ді және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету құрауыштарын әзірлеу және енгізу, пайдаланушыларды оқыту, консалтингтік қызмет көрсетулер (1-4-тоқсандар). Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, вирусқа қарсы қорғау жүйесінің лицензияларын сатып алу (2-тоқсан). | жыл-ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы минис-трлігі |
| 4 | | 102 | Бірік-кен салық-тық ақпа-раттық жүйе-сін дамыту "ҚР БСАЖ" | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті ақпараттық жүйелерінің функционалдылығын дамыту, енгізу және кеңейту: "Тұтастандырылған салықтық ақпараттық жүйесі", "Салық есептілігінің электрондық нысандары", "Жеке тұлғалардың төлем көзінен ұсталатын кірістерін есепке алу", "ҚҚС төлеушілерді тіркеу. ҚҚС-нан көшіріп алынған шот-фактуралар тізілімдерін қабылдау және өндеу жүйесі", "Ірі кәсіпорындардың (салық төлеушілердің) электрондық мониторингі", "Хабарларды кепілдікті жеткізу жүйесі", "Акциздік өнімдердің өндірісі мен айналымына бақылау", "Төлем қабілетсіздігі және банкроттық", "SAS технологиялары негізінде деректерді жан-жақты кешенді талдау", "Салық заңнамаларын түсіндіру бойынша мультимедиялық байланыс және салық төлеушілерге қызмет көрсету бойынша жүйе", салық органдарының бухгалтерлік жүйесінің "Ведомстволық кадрлар", "Голографиялық қорғаныш элементі бар | жыл-ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | есепке алу-бақылау таңбаларын пайдаланып алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымына бақылау" ақпараттық жүйелерін дамыту, енгізу және функционалдығын кеңейту, ақпараттық жүйелерді жобадан кейінгі зерттеу қызметтерін көрсету (1-4-тоқсандар). Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен оның аумақтық органдары үшін ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіне арналған жабдықтар сатып алу (1-2-тоқсандар). Телекоммуникациялық жабдықтар мен желілерді қорғау жабдықтарын сатып алу (2-тоқсан). 200000 пайдаланушыға X.509 сертификаттар, 50000 пайдаланушыға криптоклиент, 50000 пайдаланушыға Тұмар CSP беруге лицензиялар сатып алу (2-тоқсан). "Sas технологиялары негізінде деректерді кешенді көп өлшемді талдау" ақпараттық жүйесіне арналған Sas лицензиясын сатып алу (2-тоқсан). | | министр-лігі |
| 5 | | 103 | "СТжСО" Салық төлеу-шілер-дің және салық салына-тын объек-тілер-дің тізі-лімі" ақпа-раттық жүйесін дамыту | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Салық төлеушілердің және салық салынатын объектілердің тізілімі СТжСО" ақпараттық жүйесін дамыту, енгізу және функционалдығын кеңейту (1-4-тоқсандар). "СТжСО" ақпараттық жүйесі серверінің қуаттылығын арттыру үшін модульдер сатып алу (2-тоқсан). | жыл-ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы министр-лігі |
| 6 | | 104 | Мемле-кеттік сатып алу ақпа-раттық жүйесін құру | "Электрондық мемлекеттік сатып алу" біріктірілген ақпараттық жүйесін құру және дамыту: Веб-порталдың жұмыс істеуі үшін лицензиялық бағдарламалық қамсыздан-дыруды; телекоммуника-циялық жабдықты; үздіксіз қорек көзін сатып алу (2-тоқсан); электрондық конкурстар-дың шағын жүйелерін және Веб-порталды дамыту (1-4-тоқсандар); енгізу мен оқыту (3-тоқсан). | жыл-ішін-де | Қазақ-стан Респуб-ликасы-ның Қаржы министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | | 106 | Бірік-тіріл-ген ақпа-раттық қаржы жүйесін құру | Бизнес-процесс және әкімшілендіру жүйесі ретінде қаржыны мемле-кеттік басқару рәсімде-рінің реинжинирингінің бірінші кезеңі бойынша; деректерді жинау схема-сын ұйымдастыру бойын-ша, СУБД-ны таңдау жоба-сы бойынша; серверлік жабдықты және оның құ-нын таңдау жобасы бойын-ша; деректерді берудің көліктік желісін таңдау жобасы бойынша қызмет-терді сатып алу. | Жыл бойы | Қазақ-стан Респуб-ликасы Қаржы минис-трлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: адал және теріс пиғылды кедендік рәсімдер қатысушыларын анықтау; алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдану есебінен кедендік рәсімдерді жеңілдету және тездету; контрабандамен және әкімшілік кедендік құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу тиімділігін арттыру; лицензиялар мен квоталарды пайдалану жөніндегі бақылау тиімділігін арттыру; кеден төлемдерін есептеу растығы мен жеделділігін арттыру және кеден төлемдерінің түсуін бақылау тиімділігін арттыру; кеден статистикасы мен сыртқы сауда статистикасын жүргізу; Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің басшылығы мен үкіметтік органдарға берілетін ақпараттың жеделділігі мен растығын арттыру; берілетін ақпаратта құрылымдау, қалыптандыру және оңтайландыру есебінен қабылданатын шешімдердің жеделдігі мен сапасын арттыру; басқа мемлекеттердің қосылған ведомстволарымен және кеден органдарымен ақпараттық өзара іс-әрекет жасасу; кеден заңнамасы мәселелері жөніндегі ақпараттық қызметтерді жедел ұсыну. (ХКЖЖ) Хабарларды кепілдендірілген жеткізу жүйесі көмегімен салық есептілігін қабылдау, салық есептілігін толтыру және өңдеуді оңтайландыру, салық әкімшілігін жүргізу процестерін автоматтандыру, салық есептілігін камеральдық бақылаудың жаңа нысандарын енгізу; ҚҚС және ҚҚС сомасын төлеушілердің тіркеу деректерінің толық базасын жүргізу; екінші деңгейдегі банктермен әрекетсіз заңды тұлғалардың банктік шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы электрондық алмасуды жүргізу; уәкілетті органдардан салықтарды есептеуге қажет СТжСО мәліметтер алу; шикізат секторы ұйымдарынан бюджетке түсетін түсімдер бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударымдар бойынша рәсімдерді жетілдіру. Электрондық конкурстар мен Веб-порталдың кіші жүйелерін дамыту, Веб-порталдың жұмыс істеуі үшін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу бизнес құрылымдар үшін мемлекеттік сатып алу бойынша ұсынылатын мемлекеттік қызметтер аясын кеңейтуге мүмкіндік береді; іркіліссіз қоректену көздерін және желіаралық қорғаныс экрандарын сатып алу жүйенің электр желісінің істен шығуына бас тарту

тұрақтылығы көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ жүйенің одан санкцияланбаған қатынау қорғануының деңгейін арттырады.
Түпкі нәтиже:
жеке инспекциялар үшін кеден шекарасында алынатын импорттық декларацияларының санын 30%-дан аспайтын деңгейге дейін қысқарту; алдын ала операцияларды ескере отырып шекарада кедендік тазалаудың орташа уақытын 10%-ға қысқарту; кедендік тазалаудан кейін кеден аумағына шығудан тауарларды шығаруға дейін уақытты өлшеу кезінде импорттық тазалауға жұмсалатын орташа ұзақтықты 50%-ға қысқарту; декларация беруден тауарларды шығаруға рұқсаттар бергенге дейін уақытты өлшеу кезінде кедендік тазалауға жұмсалатын орташа ұзақтықты 50%-ға қысқарту.
Салық органдарының салық есептілігін беру, өңдеу және сақтау процестерін автоматтандыру; сыбайлас жемқорлыққа арналған жағдайларды шектейтін салық төлеуші мен салық органдары арасында қашықтықтау; салықтар мен алымдар туралы түсетін ақпаратты талдамалық өңдеуге жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау және салықтардың жиналуын арттыру жөнінде жедел шешімдер қабылдау.
Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесін пайдалануға енгізу және ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оны техникалық қамтамасыз ету, ол мемлекет мұқтажы үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алуға арналған бюджет шығыстарын азайтуға, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізуге жұмсалатын шығындарды қысқартуға, өнімдерді берушілер арасында бәсекелестіктің тең шарттарын құруға, жинақталған ақпаратқа жедел қатынауға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
Қаржы-экономикалық тиімділігі:
Электрондық кедендік құжаттар жүйесін енгізу қағазды, адам ресурстарын үнемдеуге және көлік шығыстарын қысқартуға оң әсерін тигізеді.
Салық әкімшілігін жүргізудің негізгі операциялық рәсімдерін орындауға жұмсалатын еңбек шығындарын азайту (адам/сағат); камералдық бақылау жүргізу нәтижелері және салықтық тексеру актілері бойынша жете есептеулер сомасы (теңге); сұрау салуларды өңдеу, статистикалық және талдамалық есептілікті қалыптастыру уақытын қысқарту (сағат).
Жобаны іске асыру мемлекеттік сатып алу процесінің барлық сатыларының айқындылығы, барлық ықтимал берушілер үшін мемлекеттік сатып алу жүйесінің ашықтығы мен қол жетімділігі деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, қағаз құжат айналымын елеулі қысқартуға, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүйесінде сатып алынатындар көлемінің 10-15%-ы мөлшерінде ақша қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік сатып алу саласында электрондық сауда-саттық жүйесін енгізуден тікелей экономикалық тиімділік: мемлекет мұқтажы үшін сатып алуларды ұйымдастыруға, дайындау мен жүргізуге жұмсалатын бюджет қаражатын 15%-ға үнемдеуді; түрлі берушілердің баға

конъюнктурасының айқындылығын қамтамасыз ету есебінен бюджет қаражатын 8-10% -ға үнемдеуді; берушілер арасында бәсекелестікті күшейту және шоғырландырылған лоттар бойынша сатып алынатын бір түрлі өнімнің партияларының іріленуін қамтиды. Осылайша, жиынтық экономикалық тиімділік мемлекеттік сатып алу үшін бөлінетін бюджет қаражатының кемінде 30%-ын қамти алады. Уақтылылығы: міндеттер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес белгіленген мерзімге сай жоспарланған іс-шараларды орындау. Сапасы: клиенттерді 90%-ы кеден құжаттарының ресімделу, ұсынылатын есептердің сапасы мен уақтылығына қанағаттанатын болады. Ақпараттық жүйелердің, ұсынылатын есептердің, ақпараттық қызметтердің жұмыс сапасымен қанағаттанатын клиенттердің 100%-ы. Жобаны іске асыру мемлекеттік сатып алу процесін қалыптастыру және жүргізудің бірыңғай тәртібіне қол жеткізуге, мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушылардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтауын бақылау сапасын арттыруға, мемлекеттік сатып алу процесінде құқық бұзушылықтардың санын азайтуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің ақпараттық мәдениет деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың ақпараттық ашықтығын арттыру, және олардың қызметінің үлкен айқындылығы азаматтардың мемлекетке сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді және мемлекеттік шығыстарды бақылауды күшейтуге ықпал ететін болады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
197-ҚОСЫМША

**217-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге субвенциялар беру" деген 400 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 153149590 мың теңге (бір жүз елу үш миллиард бір жүз қырық тоғыз миллион бес жүз тоқсан мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы

2005-2007 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; "Жалпы сипаттағы ресми трансферттерді есептеу әдістемесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 916 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Бюджет кодексімен облыстық және аудандық бюджеттерге бекітілген шығыстардың бағыттарына сәйкес мемлекеттік қызметтердің стандарттық деңгейін ұсыну.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті бюджеттердің бірінші кезектегі шығыстарын уақтылы қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттерге субвенцияның барлық сомасының түсуін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 400 | | Облыстық бюджеттерге субвенциялар беру | Республикалық бюджеттен мынадай облыстардың бюджеттеріне субвенциялар аудару: Ақмола облысының бюджетіне - 15958655 мың теңге, Алматы облысының бюджетіне - 17707954 мың теңге, Шығыс Қазақстан облысының бюджетіне - 17610210 мың теңге, Жамбыл облысының бюджетіне - 17395854 мың теңге, Батыс Қазақстан облысының бюджетіне - 8490201 мың теңге, Қарағанды облысының бюджетіне - 5908832 мың теңге, Қостанай облысының бюджетіне - 10934747 мың теңге, Қызылорда облысының бюджетіне - 12329913 мың теңге, Павлодар облысының бюджетіне - 1617733 мың теңге, Солтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 13367240 мың теңге, | Ай сайын | Қазақстан Республикасының Қаржы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Оңтүстік Қазақстан облысының бюджетіне - 31828251 мың теңге. | | минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметін стандарттық деңгейін ұсынуы.

Түпкі нәтиже: жергілікті бюджеттердің кредиторлық берешегінің болмауы. Уақтылығы: жергілікті бюджеттік бағдарламаларды уақтылы қаржыландыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК